

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша БЖЗК зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелі

2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруындағы БЖЗК зейнетақы активтері шамамен 12,9 трлн теңгені құрады.

Есепті күнгі жағдай бойынша БЖЗК зейнетақы активтері есебінен қалыптастырылған қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің құрылымы БЖЗК ресми сайтының «Көрсеткіштер»-«Инвестициялық қызмет» бөлімінде орналастырылған.

ҚР 2020 жылға арналған Ұлттық қорын басқару жөніндегі Кеңес мақұлдаған бағыттар шеңберінде ҚР ҰБ (сенімгерлік басқарушы ретінде) инвестициялаудың негізгі бағыттарын былайша көрсеткен:

- ҚР Қаржы министрлігі шығарған, ағымдағы құны 5 648,4 млрд теңгені (барлық портфельдің 43,8%) құрайтын ҚР Мемлекеттік бағалы қағаздары, теңгемен номиналданған МБҚ орташа алынған кірістілігі жылына 8,8% , АҚШ долларында – жылына 4,4% құрады;

- ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары (ағымдағы құны 1 821,67 млрд теңге (14,13 %), теңгеге номиналданған осы құралдар бойынша орташа алынған кірістілік жылына 10,8%, АҚШ долларында – жылына 5,2% құрады;

- 1 158,49 млрд теңге (8,98%) болатын ҚР Екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары. жыл басымен салыстырғанда ЕДБ облигацияларының үлесі 2,1% азайды. ҚР ЕДБ теңгеге номиналданған облигациялары бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 10,1%, АҚШ долларында – жылына 6,3% құрады;

- 816,53 млрд теңге мөлшерінде сыртқы басқарудағы активтер (портфельдің 6,33%). 2020 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда 285,36% өсуі есепті кезең ішінде мандат шарттарына сәйкес жүргізілген инвестицияларға негізделген.

Активтер сондай-ақ, шетелдік және қазақстандық банктердің депозиттеріне (тиісінше, бүкіл портфельдің 2,19% және 1,95%), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің депозиттеріне (2,58% құрайды), қазақстандық эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттарына (үлесі 2,28%), шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттарына (0,24%) және нарық талаптарындағы басқа да қаржы құралдарына әртараптандырылған.

БЖЗК зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдары номиналданған валюталар бөлінісінде қаржы құралдарының инвестициялық портфелі төмендегідей көрініске ие:

ұлттық валютадағы инвестициялар – 70,91 %, АҚШ долларында – 28,9 %, басқа валюталарда – зейнетақы активтері портфелінің 0,19% .

Есептелген инвестициялық табыстың құрылымы мынадай:

- бағалы қағаздар, оның ішінде орналастырылған салымдар және «жері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы түріндегі кірістер 831,68 млрд теңге;

- бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалаудан кірістер (шығындар) 85,76 млрд теңге;

- шетел валютасын қайта бағалаудан кірістер (шығындар) 291,02 млрд теңге;

- басқа активтерді қайта бағалаудан кірістер (шығындар) (ПФИ) (5,49) млрд теңге;

- сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістер (шығындар) 50,25 млрд теңге;

- басқа да кірістер 9,28 млрд теңгені құрады.

Инвестициялық қызмет нәтижесінде, сондай-ақ, шетел валюталары бағамдарының құбылмалылығы және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі салдарынан есептелген инвестициялық кіріс мөлшері 2020 жылдың басынан бастап 1,3 трлн теңгені құрады. 2020 жылдың

басынан бастап салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі инфляция 7,5% болған кезде 10,92% құрады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі енгізілгеннен бері салымшылар алған инвестициялық табыс 5,6 трлн теңгеден асты. 1998 жылдан (жинақтаушы зейнетақы жүйесі жұмыс істей бастаған) бастап инвестициялық табыстылық өсу қорытындысымен 602,90% құрады. Бұл ретте инфляция 496,65% болды. Осылайша 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша зейнетақы активтерінің нақты табыстылығы 106,25% құрады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).